



Қармақшы ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 28 мамырдағы N 724 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 24 маусымда N 5031 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 5 ақпандағы № 10 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 05.02.2024 № 10 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына сәйкес, Қармақшы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының № 1, 2, 3, 4 қосымшаларына сәйкес Қармақшы ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары А. Қаржаубаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.


Қармақшы ауданының әкімі

Н. Шамұратов

Қармақшы ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "28" мамырдағы
№ 724 қаулысына № 1 қосымша

Қармақшы ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы

Солтүстік



Маршрут атауы	Ара қашықтығы	Жол жүру уақыты
Тәйімбет Көмекбаев ауылдық округі, Кекірелі ауылы – Тәйімбет Көмекбаев ауылы	150 километр	3 сағат

"КЕЛІСІЛДІ"

Тәйімбет Көмекбаев ауылдық округінің
әкімі


С. Жолмаханов

"28" мамыр 2015 жыл

Қармақшы ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "28" мамырдағы
№ 724 қаулысына № 2 қосымша

Қармақшы ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы

Солтүстік



Маршрут атауы	Ара қашықтығы	Жол жүру уақыты
Тәйімбет Көмекбаев ауылдық округі, Жабықбай ауылы – Тәйімбет Көмекбаев ауылы	192 километр	4 сағат

"КЕЛІСІЛДІ"


Тәйімбет Көмекбаев ауылдық округінің
әкімі

_____ С. Жолмаханов

"28" мамыр 2015 жыл

Қармақшы ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "28" мамырдағы
№ 724 қаулысына № 3 қосымша

Қармақшы ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы



Маршрут атауы	Ара қашықтығы	Жол жүру уақыты
Тәйімбет Көмекбаев ауылдық округі, Шобанқазған ауылы – Тәйімбет Көмекбаев ауылы	232 километр	5 сағат

"КЕЛІСІЛДІ"

Тәйімбет Көмекбаев ауылдық округінің
әкімі

_____ С. Жолмаханов

"28" мамыр 2015 жыл

Қармақшы ауданы әкімдігінің

Қармақшы ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қармақшы ауданының шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 767 қаулысымен бекітілген автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасына (бұдан әрі - Қағида) сәйкес әзірленген.

2. Балаларды тасымалдауды ұйымдастыру

2. Балаларды тасымалдау Қағиданың талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

3. Автомобиль көлігімен балаларды тасымалдау (экскурсиялық және туристіктен басқа) жолда 4 сағаттан артық болған кезінде және басқа көлік түрімен балаларды жеткізуді ұйымдастыру мүмкін болмаған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

4. Балаларды жаппай тасымалдауды және балаларды алыс қашықтықтарға тасымалдауды тасымалдаушы, балаларды оқытушылар немесе арнайы тағайындалған ересек адамдар (15 балаға бір ересек адам) алып барған жағдайда ғана орындауы мүмкін.

5. Автобуспен тасымалданатын балалар мен ересектердің жалпы саны осы көлік құралы үшін белгіленген және отыру үшін жабдықталған орындардың санынан аспайды.

6. Балалардың топтарын 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдау, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар, жаңбыр) тыйым салынады. Тәуліктің 22.00 сағатынан бастап 06.00 сағатына дейін теміржол вокзалдарына және әуежайларға және олардан, сондай-ақ жақын арадағы демалыс орнына (қонатын жерге) дейін жолда кідіріп қалған кезде балаларды тасымалдауға рұқсат етіледі.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша

тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауға тиіс.

7. Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

8. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындай жеткілікті үлкен болуы тиіс. Алаңдарда жайластырылған өту жолдарының болуы және жолаушыларды және бағажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

9. Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде алаңдар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

10. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айына кемінде бір рет) тексереді.

11. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы тапсырыс берушіге хабарлауы тиіс, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шаралар қабылдайды.

12. Балаларды жаппай тасымалдауға және балаларды алыс жерлерге тасымалдауға дайындық кезінде тасымалдаушы тапсырыс берушімен бірлесіп балалардың жиналу пунктінде және келу пунктінде автобустардың аялдауы үшін алаңшалардың болуын, сондай-ақ отырғызу алаңшаларының болуын тексереді. Отырғызу және түсіру орындары автобус тұрағынан кемінде 30 метр қашықтықта орналасуы тиіс.

13. Тапсырыс беруші балаларды тасымалдайтын әрбір автобуска балалармен оларды жеткізу орнына дейін алып жүретін, тапсырыс беруші-ұйым қызметкерлерінің немесе ата-аналарының ішінен жауаптыларды белгілейді (мектепке, өзге білім беру ұйымдарына балаларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асырған кезде жауапты ретінде еріп жүрушілер үшін арнайы нұсқама алған жоғары сынып оқушыларын (16 жас және одан жоғары) белгілеуге жол беріледі).

14. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар;

3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және қозғалысы ережесін өрескел бұзбаған.

15. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналарға тыйым салынады:

1) сағатына 60 километр артық жылдамдықпен жүруге;

2) жүру маршрутын өзгертуге;

3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;

4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;

6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

3. Автокөлік құралдарына қойылатын талаптар

16. Балаларды тасымалдауға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық байқаудан өткен автокөлік құралдары жіберіледі. Бұл ретте автобустармен тасымалдау кезінде пайдаланылатын автобустар тиісті стандарттардың талаптарына сай болуы қажет.

17. Балаларды тасымалдауға пайдаланатын автобустарда мыналар болуы тиіс: ешқандай кедергісіз ашылып, жабылатын жолаушылар салонының есіктері мен авариялық люктер. Есіктерде өткір немесе олардың бетінен алыс тұрған шығыңқы жерлер болмауы тиіс;

жабық жай-күйде жүргізушінің кабинасы мен жолаушы салонына атмосфералық жауын-шашынның түсуін толық болдырмайтын төбе, авариялық люктер және терезелер;

берік бекітілген тұтқалар және отырғыштар;

жолаушыларға арналған креслолардың отырғыштары мен арқалықтарының таза және жыртықсыз тыстар;

тегіс, шығыңқы жерлері немесе бекітілмеген бөлшектері жоқ баспалдақтары мен салонның едені;

салон еденінің жамылғысы жыртықсыз бүтін материалдан жасалуы тиіс;

шаңнан, кірден, бояудан және олар арқылы көруді төмендететін өзге де заттардан тазартылған терезелердің мөлдір шынылары. Терезе ойығын

ақпараттық немесе жарнамалық материалдармен 30 пайыздан артық жабуға тыйым салынады;

жылдың суық мезгілінде жылытылатын және ыстық мезгілінде желдетілетін, құрал-сайман және қосалқы бөлшектер үйіліп тасталмаған жолаушылар салоны.

18. Автобустармен тасымалдау кезінде пайдаланылатын автобустардың, шағын автобустардың салондарын ылғалды жинау ауысымда кемінде бір рет және ластануына байланысты жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып жүргізіледі.

Сыртқы кузовты жуу ауысымнан кейін өткізіледі.

19. Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есіктерінің болуы және мыналармен:

1) автобустың алдында және артында орнатылуы тиіс "Балаларды тасымалдау" деген төрт бұрыш айыратын белгімен;

2) сары түсті жылтыр шағын маягымен;

3) әрқайсысының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын оңай алынатын өрт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізушінің кабинасында, басқасы – автобустың жолаушылар салонында);

4) екі алғашқы көмек дәрі қобдишаларымен (автомобильді);

5) екі жылжуға қарсы тіректермен;

6) авариялық тоқтау белгісімен;

7) колоннада жол жүргенде – автобустың алдыңғы терезесінде қозғалыс бағытымен оң жағында орнатылатын, автобустың колоннадағы орны көрсетілген ақпараттық кестемен;

8) санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы болуы тиіс.